

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023




1. Оқыңыз.



Менің атым – Жібек. Мен турблогермін. Қарағандыда тұрамын. Маған биік ғимараттар, әдемі табиғат ұнайды. Мен барған қонақүйлер...

ҚАЗАҚСТАН ҚОНАҚҮЙІ, АЛМАТЫ

«Қазақстан» — Алматы қаласының орталығында орналасқан үлкен қонақүй. Қонақүй 1000 адамға арналған. Қонақүйде 116 орындық мәжіліс залы, бизнес орталығы, жазғы дәмхана, ұлттық асхана бар. Ғимараттың оңтүстігінде мейрамхана орналасқан. Ең жоғарғы қабатында тау мен қала әдемі, анық көрінеді. Қонақүй 25 қабатты, биіктігі 102 метр.



RIXOS KHADISHA, ШЫМКЕНТ

Заманауи қонақүйде президенттік люкс өте қымбат. Президенттік люкс 450 шаршы метр. Ғимаратта бар SPA-салоны, бөлмедегі фин моншасы мен бассейні көптеген туристерге ұнайды. Қонақүй 12 қабатты.

Қонақүйде жайлы, әдемі 177 бөлме бар. Қазақстандағы №4 президенттік қонақүй. Ғимаратта 2 үлкен шығыс асханасы мен италиялық мейрамхана бар. Аспаздар арнайы шетелден келеді.



АРИННА КАППАДОКИА, ТҮРКИЯ

Аринна – Каппадокиадағы үңгірде орналасқан қонақүй. Қонақүйінде 10 бөлме бар. Қонақүйдің кейбір бөлмелері үңгірде орналасқан. Терезеден әуе шары фестивалін көруге болады. Бағасы қымбат емес, қолжетімді. Түрік тағамдары өте дәмді. Әсіресе түрік пахлавасы ұнады. Қонақүйдің ауданы 198 шаршы метр.





2. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

+ -

- ☐ «Қазақстан» қонақүйі 25 қабатты, биіктігі 102 метр.
- ☐ «Қазақстан» қонақүйі Шымкентте орналасқан.
- ☐ Аспаздар арнайы шетелден келеді.
- ☒ Аринна – Каппадокиадағы үңгірде орналасқан қонақүй.
- ☐ «Rixos Khadisha» қонақүйі 12 қабатты.
- ☐ «Аринна Кападокиа» қонақүйінің ауданы 198 шаршы метр.



3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Жібек қай елдерде болды? _____
2. Жібек қай қалада тұрады? _____
3. Жібектің мамандығы кім? _____
4. «Қазақстан» қонақүйі қай қалада орналасқан? _____
5. «Аринна Каппадокиа» қонақүйінің бөлмелері қандай? _____
6. «Қазақстан» қонақүйі неше адамға арналған? _____



4. Мәтіннің көмегімен қай қонақүй екенін табыңыз.

2 Қонақүйде 116 орындық мәжіліс залы, бизнес орталығы, жазғы дәмхана, ұлттық асхана бар.

- ☐ Қонақүй 1000 адамға арналған.
- ☐ Үңгірде орналасқан қонақүйінде 10 бөлме бар.
- ☐ Заманауи қонақүйдің президенттік люксі өте қымбат.
- ☐ Өсіресе түрік пахлавасы ұнады.
- ☐ Қонақүй 25 қабатты, биіктігі 102 метр.
- ☐ Ауданы 198 шаршы метр.
- ☐ Ғимаратта 2 үлкен шығыс асханасы мен италиялық мейрамхана бар.
- ☐ Терезеден әуе шары фестивалін көруге болады.



5. Тиісті сөздерді қойып, сұқбатты оқыңыз.

қонақүйі 2 кісілік орын	күтіңіз күндері	тіркеу әйелім	бағасы рақмет	картамен аты-жөнім
----------------------------	--------------------	------------------	------------------	-----------------------

- Қайырлы күн, «Шаңырақ» _____ .
- Сәлеметсіз бе, _____ бөліміне қосыңызшы.
- Жақсы, _____ .
- Тыңдап тұрмын, айта беріңіз.
- Сіздерде _____ бар ма?
- Қай күнге керек?
- Сенбі, жексенбі _____ .
- Бар екен.
- Бізді тіркеңізші. Менің _____ – Қалиев Ғалым Қайратұлы және _____ Медеуова Мөлдір Маратқызы. Бағасы қанша?
- Қалай төлеуге болады?
- _____ 49 500 теңге. _____ төлеуге болады.
- Жақсы, рақмет. Кездескенше!



6. Сұқбатты оқыңыз



- Менің аты-жөнім – Серікбаев Марат Қасымұлы. Мен жеті күнге іссапарға келдім.
- Сізде бір кісілік бөлме екен.
- Бөлмем нешінші қабатта?
- Сіздің бөлмеңіз үшінші қабатта. №345. Міне бөлмеңіздің кілті. Жүктеріңізді қызметкер апарады. Төменгі қабатта мейрамхана, демалу орындары, спорт залы бар. Жақсы демалыс тілеймін.
- Рақмет.



7. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жүк	іссапар
қабат	жеке куәлік
бөлме	бір кісілік
төлқұжат	тіркеу



8. Сұқбатты жалғастырыңыз.

Сіздерде 1 кісілік орын бар ма?

Неше күнге керек?



9. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Сіздерде екі кісілік орын бар?
 Бір кісілік орын қанша тұрады?
 Түскі асты қайдан ішуге болады?
 Қонақұйдің жанында дәмхана бар ма?
 Бізде бос бөлмелер жоқ.
 Бір аптаға/ 10 күнге/ 1 айға
 Бағасына таңғы ас кіре ме?
 Такси шақыртып бересіз бе?
 Бөлмеңіз екінші қабатта орналасқан.
 Қай күндерге?
 Мен картамен/QR-код арқылы төлеймін.



10. Сұқбатты оқыңыз.

- Қайырлы күн! Сіздерде бос орын бар ма?
- Қош келдіңіз, иә бар. Сізге неше кісілік орын керек?
- Менің екі балам бар. Екі кісілік орын беріңіз.
- Жақсы.
- Бөлмеде тоңазытқыш, теледидар бар ма?
- Иә, бар.
- Бөлме нешінші қабатта?
- Бөлме сегізінші қабатта, лифт бар.
- Рақмет.
- Жақсы демалыңыз, міне бөлменің кілті.

123



11. Тиісті сөздерді жазыңыз.

оятыңызшы
көрсетіңізші

беріңізші
қосыңызшы

келіңіз
тазалаңызшы

айта беріңіз

шақырыңызшы
әкеліп беріңізші

1. Маған екі кісілік орын _____.
2. Тыңдап тұрмын, _____.
3. Тіркеу бөліміне _____.
4. Мені сағат сегізде _____.
5. Жеке куәлігіңізді _____.
6. Менің бөлmemді _____.
7. Қонақүйге такси _____.
8. Таңғы асты бөлmemе _____.